

**Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге, тұрғын үй жәрдем ақысын берудің реті туралы**

*Күшін жойған*

Железин аудандық әкімиятының 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 205/24 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 28 мамырда N 1842 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2010 жылғы 11 қазандағы N 225-4/28 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2010.10.11 N 225-4/28 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 1999 жылғы 16 қарашадағы "Қазақстан Республикасының тұрғындарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңдарына сәйкесті аудандық Мәслихаты ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй жәрдем ақысын беру ретінің қоса бекітіліп отырған қағида, күтіп ұстаудың және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің төлем ақысының нормалары бекітілсін (1 қосымша).

2. Тұрғын үй жәрдем ақысын тағайындау жөніндегі сәйкес комиссия құрамы бекітілсін (2 қосымша).

3. Тұрғын үй жәрдем ақысын тағайындау үшін қажет құжаттардың тізбесі және осы құжаттарды беретін мекемелердің, кәсіпорындардың тізімі (3 қосымша), тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін қажет құжаттардың тізімі (4 қосымша) бекітілсін.

Аудандық Мәслихаттың  
сессиясының төрағасы Ж.Опанова

Аудандық Мәслихаттың  
хатшысы Г.Машкова

Аудандық Мәслихатының  
II-сайланған, XXIV-сессия  
"Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын  
үйді күтіп ұстауға және коммуналдық  
қызметтерді төлеуге, тұрғын үй

жәрдем ақысын берудің реті туралы"  
2003 жылғы 23 сәуірдегі N 205/24  
шешіміне N 1 қосымша

**Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге, тұрғын үй жәрдем ақысын берудің реті туралы ҚАҒИДА 1. Тұрғын үй жәрдем ақысы**

1. Тұрғын үй жәрдем ақысы, тұрғындардың аз қамсызданған топтарына тұрғын үйді күтіп ұстауға, тұтынған тұрғын үй-коммуналдық қызметіне және мемлекеттік үй қорындағы үй жалақысына төлемақы.

Тұрғын үй жәрдем ақысы заңнамаларда белгіленген жеңілдіктермен қатар азаматтардың жеке санаттары үшін тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің төлемдері бойынша тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың бір нысаны болып саналады.

2. Егер де шығын тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұрғын үй-коммуналдық қызметін тұтынуға төленетін төлем тұрғын алаң нормасының шектігінде, өтемақы шараларымен және тұрғын үй-коммуналдық қызметін тұтыну нормативімен қамтамасыз етілген шығындар осы мақсатқа жұмсалатын отбасы бюджетінің шектік шығынынан артса, онда тұрғын үй жәрдем ақысы ауданда тұрақты тұратын пәтер меншік иелері немесе жалдаушылары саналатын тұлғаларға беріледі, азаматтығы есепке алынбайды.

Тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтегі тұтынуға төленетін төлемнің шектік ұйғарымды шығысының үлесі отбасының жиынтық табысының 30 пайыздық мөлшеріне белгіленеді.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметті тұтынуға төленетін төлемдердің белгіленген нормадан асқан төлемдері ортақ негізде жүргізіледі.

3. Өтемді шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын алаң нормасы, әрбір отбасы мүшесіне тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын үй беру нормасына эквиваленті. Коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативін (су жабдықтау, газ, канализация, электр, жылу қуаты, қоқыс шығару), осылармен қамтамасыз етілетін осы аумақтың тұрғындарына аудан әкімі белгілейді.

Тұрғын алаң нормасына, өтемдік шаралармен қамтамасыз етілген, әрбір отбасының мүшесіне 18 шаршы метр пәтердің (үйдің) пайдалы алаңы қабылданды және 30 шаршы метр жалғызілікті тұратын азаматтар үшін.

Егер де барлық отбасыларының нормативтік алаңы нақтыдан асса, есепке нақты алаң алынады (тұрғын үй ұстау және коммуналдық қызметтер төлемі қосымша да қаралған).

4. Тұрғын үй жәрдемақысы аудандық тұрғындарын әлеуметтік қорғау бөлімі

арқылы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етілген үйлерді тұратын тұрғындарға беріледі.

Тұрғын үй жәрдемақысы Железинка ауданында тұрақты тұратын және бір тұрғын үйдің меншік иесі саналатын жеке тұлғаларға тағайындалады.

Егерде отбасында біреуден көп тұрғын үйлері болса, онда жәрдемақы бір бірлікке тағайындалады. Коммуналдық қызметтерімен қамтамасыз етілген үйлерде тұрақты тұратын және осы тұрғын үйдің меншік иесі саналмайтын тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын қолдарында жалдау шарты болғанда алуға құқылы.

5. Егерде отбасында жұмысқа қабылетті тұлғалар (еркектер, әйелдер) болып, олар жұмыс істемесе, оқымаса, әскери қызмет атқармаса және жұмыспен қамту қызметінде тіркелмесе, онда төменде аталған отбасыларынан басқалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқысыз:

1) аяғы ауыр әйелдер, жеті жасқа дейінгі баланың күтімімен немесе тәрбиесімен қамтылған әйелдер;

2) 50-ден асқан жұмыс істемейтін әйелдер, ал еркектер 55-тен;

3) 3 топтағы мүгедектер;

4) 1, 2 топтардағы мүгедектерге, күтімге мұқтаж деп танылған мүгедек балаларға күтім жасайтын тұлғалар;

5) 80-сен жастан асқан қарияларға күтім жасайтын тұлғалар.

6. Жанжал, айтыс-тартыс немесе басқадай стандарттан тыс жағдайлар туындағанда тұрғын үй жәрдемақысының тағайындалу туралы мәселенің шешімі, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өкілдерінен құрылатын арнаулы комиссияның қарауынан шығарылуы мүмкін.

7. Тұрғын үй жәрдемақысы, тұрғын үй жалдаушысына (меншік иесіне) тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге есептелген төлемді төмендету ретінде олардың есеп-шотына аудару арқылы жүргізіледі.

Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйге және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге есептелген нақты төлемнен асырылмайды.

8. Тұрғын үй жәрдемақысының ең төменгі мөлшері айлық есеп көрсеткішінің 0,5 мөлшерінде, ал ең жоғарғы мөлшері бір отбасына есептегенде 2 айлық есеп көрсеткішінен асырылмайды. Тұрғын үй жәрдемақысы ай сайын өтініш түскен айдан бастап тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушыларды қайта тіркеу, алғашқы қажетті құжаттармен рәсімдеу процедурасына сәйкесті.

Отбасының тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге төлейтін шекті ұйғарымды шығындарының үлесінің, отбасы табысының және тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің ставкалары мен тарифтерінің өзгеруіне байланысты тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау қызметтері ертеде тағайындалған жәрдемақыларға қайта есептеу жүргізеді.

9. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылары 10 күндік ағымда өз үйлерінің меншіктік нысанының қандай да болмасын өзгерістері, отбасы құрамы және оның жиынтық табысы жәрдемақының дұрыс есептелмеу жағдайлары туралы жәрдемақы тағайындау қызметіне ақпарат берулері қажет.

Егерде жалдаушы (меншік иесі) тұрғын үй жәрдемақы қызметтеріне, алдын ала көтерме немесе заңсыз өтемақы тағайындайтын қиыс деректер берсе, онда олар жәрдемақы алу құқығынан бір жылға айырылады, ал заңсыз алынған жәрдемақы белгіленген заңнамалық ретте кейін қайтарылады.

10. Отбасының барлық тұрақты тұратын мүшелерінің тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқылары бар. Тұрақ-жай иесінің отбасының мүшелері болып, оның жұбайы, балалары, ата-аналары саналады. Басқа да адамдар отбасы мүшесі болуы мүмкін, егерде олар меншік иесімен бірге тұрып ортақ шаруашылық жүргізсе. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындағанда отбасы мүшелеріне уақытша оқуға кеткен және әскер қызметін өтіп жатқан тұлғалар жатады. Бірге тұратын немерелері, жиендері отбасы мүшелеріне жатпайды, оларға ата-аналарының табыстары туралы анықтама тапсыру қажет. Егер отбасының құрамы толық болмаса, отағасы бұл пәтерде тіркеуде болмаса, жеке тұрса, сот шешімімен айырылмаса, онда оның табыстары туралы анықтама-деректер қажет.

## **2. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау**

11. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы шешім жалдаушының (меншік иесінің) өтінішінің негізіне және оған қосымша берілген отбасы құрамы, пайдалы тұрғын алаң мөлшері, тұрғын үйді күтіп ұстау және коммуналдық қызметтерді шығындары жөніндегі төлемдер, отбасының жиынтық табысы туралы құжаттарға сай қабылданады.

Тұрғын үй жәрдемақысының есебі соңғы тоқсанның (оның алдындағы тоқсанның) табыстары және тарифтері бойынша жүргізіледі.

12. Егерде тұрғын үй жәрдемақысын алуға өтініш түсіруші сот шешімімен айырылған болса, бұрынғы жұбайынан алимент алуға шағым түсірмесе немесе жұбайы бірге тұрып сот арқылы айырылмаса, онда жәрдемақы жылыту кезеңінің үш айының ағымында тағайындалады. үш айдың ағымында тұрғын үй жәрдемақысын алуға өтініш түсіруші айырылысуға құжаттар тапсыруы қажет. Немесе алимент алуға шағым түсіруі қажет. Егерде ол оны істемесе жәрдемақыны тағайындау және төлеу тоқтатылады.

13. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімі тексеріс қорытындылары бойынша жәрдемақының есептеліп тағайындалған сомаларына өзгерістер енгізуге құқылы.

14. Жәрдемақы алу құқығын анықтағанда отбасының бір мезгілдегі құрамы

мен табыс жиынтығы алынады.

15. Егерде жұбайы өлген зейнеткерлер тұрғын үйді өзіне қайта рәсімдемесе, онда тұрғын үй жәрдемақысы тұрақты түрде жалғызділікті зейнеткерлерге есептелгендей жүргізіледі.

16. Ортақ иеліктегі пәтерден басқа зейнеткерлер тіркеуден шығып онда тұрмаса, онда қалған зейнеткерлерге тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері әлеуметтік нормалар бойынша анықталады.

17. 2, 3, 4 бөлмелі пәтерлерде тұратын зейнеткерлер және 1, 2 топтағы мүгедектер үшін жылыту кезеңінде тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау бекітілген нормалардың иесінде жүргізіледі, нақты есептелген коммуналдық қызметтер есепке алынбайды.

18. Меншік иесінің қомақты себептермен жоқтығында (хабар-ошарсыз жоғалуында, алимент төлеу бойынша іздестірудегі) қайтыс болған жағдайда (тұрғын үйді қайта рәсімдеуге қаражат жоқтығында) отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайы туралы акті бойынша тұрғын үйдің ортақ иелік мүшелеріне жәрдемақы есептеледі.

19. Оқу мекемелерін бітіріп (мектеп, институт және т.б.) жыл ағымында жұмысқа орналастырылмаған тұлғаларға жиынтық табысты есептегенде екі айлық есеп көрсеткішін есептеу арқылы жүргізіледі.

20. Отбасының жиынтық табысын есептеу Қазақстан Республикасының 2001 жылы 12 маусымда қабылданған "Салықтар және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" кодексіне және 2003 жылдың 1 қаңтарына дейінгі енген өзгерістерге сәйкесті салық салуға жататын барлық табыстардың түрлері есепке алынады.

21. Бұдан басқа, отбасының жиынтық табысының құрамына қосымша келесі табыс түрлері енеді:

- 1) зейнетақының барлық түрі;
- 2) арнаулы мемлекеттік жәрдемақының барлық түрі;
- 3) стипендиялар;
- 4) есептеу кезеңінде төлемді оқудың сомасы (жоғары оқу орындары, гимназиялар, колледждер және т.б.) отбасының табысынан төлемді құжаттармен қуатталмаған жағдайда;
- 5) материалдық көмек, аз қамсызданған отбасыларына материалдық көмек;
- 6) дивидендтер;
- 7) кәсіпкерлік қызметтің табыстары.

22. Жерлеуге, бала туғанда, мейрамдарда берілген материалдық көмек сомалары табысқа жатпайды.

23. Отбасы мүшесінің алатын алименті отбасының жиынтық табысына есептеледі, ал отбасы мүшесінің төлейтін алименті оның табысынан

шығарылады.

24. Отбасының жиынтық табысының құрамына жеке қосалқы шаруашылықтан, саяжай учаскесінен түсетін табыстан айына екі айлық есеп көрсеткіші мөлшеріндегі табыс қосылады.

25. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша отбасымен шарт жасалады, оған жәрдемақының есептелген есебі енгізіледі. Шарт екі данада әзірленеді, оның бір данасы жалдаушыда (меншік иесінде) сақталады.

Көрсетілген шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып саналады.

26. Ақпараттың дұрыстығына сенімсіздік туындаған жағдайда, тұрғын үй жәрдемақысының қызметі ақпарат сұратуға құқылы, ал заңды және жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер тұлғаның табыстары туралы ақпарат беруге міндетті. Жалдаушы (меншік иесі).

Отбасының барлық мүшелері тұрғын үй жәрдем ақысын алуға өтініш береді.

Заңды және жеке тұлғалардан тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін олардың табыстары туралы деректер алуға, табыстары туралы ақпаратты таратуға болатыны жөнінде арнаулы рұқсатқа қол қоюлары қажет.

27. Жәрдемақы жалдаушының (меншік иесінің) төлемді шаралармен қамтамасыз етілген нормалардың шектігінде тұрғын үйді және тұрғын үй-коммуналдық қызметті тұтынуға жұмсаған нақты төлемінің және отбасының осы мақсатқа жұмсаған шығынының шекті жіберіледі деңгейінің айырықшылығы мөлшерінде есептеледі.

### **3. Тұрғын үй жәрдемақысын қаржыландыру көзі**

28. Барлық меншіктік нысандардағы үйлерде тұратын тұрғындарға тұрғын үй жәрдемақысының төлемін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүргізіледі.

29. Тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй-коммуналдық қызметтеріне шығатын есептік-нормативтік шығындарды анықтау табиғи монополияларды реттеу жөніндегі аумақтық департаменттердің және басқада өкілеттенген атқарушы органдардың бақылауымен жүргізіледі.

30. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімі пәтер жалдаушылардың және меншік иелерінің тізімдерін құрастырады, оларға берілген жәрдемақының сомасын көрсетеді және ай сайын жиналған борышты өтеу үшін қаржы органдарына ол жөнінде деректер береді.

31. Қаржы органдары борыштар туралы берілген деректердің негізінде жергілікті бюджетте қаражаттан төлемді қайтаруды жүргізеді.

32. Аудандық қаржы органдары жылына бір реттен кем емес, бастапқы

құжаттар бойынша тұрғын үй жәрдемақысына төленген бюджет қаражатының дұрыс жұмсалғанына тексеріс жүргізеді.

33. Дұрыс рәсімделмеген құжаттар бойынша тұрғын-үй жәрдемақысы тағайындалса, осыған кінәлі лауазымды тұлғалар белгіленген заң ретінде жауап береді.

### **Тұрғын үйді күтіп ұстаудың және тұрғын үй-коммуналдық қызметінің төлемінің нормалары**

| Көрсетілетін қызметкер атауы | Өлшем бірлігі    | Жеңілдік нормасы | Ескерту                  |
|------------------------------|------------------|------------------|--------------------------|
| Суық су                      | теңге            | 70               |                          |
| Пайдалы алаң                 | ш.м.             | 18               |                          |
| Жалғызділікті тұрушыларға    | ш.м.             | 30               |                          |
| Босатылатын газ              | Бір адамға кг/ай | 5,5              | Төлем құжаты ұсынылмайды |
| Электр қуатын тұтыну         | кВт отбасына     | 4,5              |                          |

Аудан Мәслихатының  
II-сайланған, XIV-сессия  
"Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге, тұрғын үй жәрдем ақысын берудің реті туралы" 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 205/24 шешіміне N 2 қосымша

### **Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы**

А х м е т о в - әлеуметтік саясат басқармасының бастығы, комиссия  
Аблай Балтабаевич төрағасы

Н ұ р ғ а л и е в а - аудан тұрғындарын әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы,  
Күлжәмилә Кәкішқызы төраға орынбасары

Оспанова Қазира Қайырқызы - аудан тұрғындарын әлеуметтік қорғау бөлімінің бас маманы,  
, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Ворошилова Людмила Владимировна - аудандық салық комитеті төрағасының орынбасары

Доскереев Қайыржан Бекқайырұлы - қаржы және экономика бөлімінің бастығы

Жапарова Мәриям Қабнасырқызы - денсаулық сақтау бөлімінің Бастығы

П а д а л к о - Железинка селолық округ әкімінің орынбасары  
Нина Григорьевна  
С а ғ н а е в - жұмыспен қамту бөлімінің бастығы  
Сақыпзада Мұқанұлы  
О р а л о в - бөлімінің бастығы, төраға орынбасары  
Өмірбек Алпысұлы

А у д а н М ә с л и х а т ы н ы ң

II-сайланған, ХХІV-сессия

"Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге, тұрғын үй жәрдем ақысын берудің реті туралы" 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 205/24 шешіміне N 3 қосымша

### **Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін қажет құжаттардың тізімі**

#### Жер комитеті

Жер және мүліктік пайларды пайдалану туралы (сату-сомасын көрсету, жалға беру - қай мерзімге және бағасы, жерге меншіктілік құқығын пай ретінде немесе салым ретінде өндірістік кооперативтерге және т.б.).

#### Салық инспекциясы

Комитет анықтамасы бойынша жер және мүлік пайларын пайдаланудан табыстар және басқа да табыстар туралы, табысының жоқтығы туралы.

#### Тұрғындарды жұмыспен қамту бөлімі

Жұмыссыз статусын белгілеу туралы, қай мезгілден, жәрдемақы мөлшері.

#### Ауылдық округ әкімдері

Отбасы құрамы, тұрақты тұрақ орны туралы анықтамалар. Кәсіпкерлік қызметі, жұмыспен байланысы. қамқоршылық белгілеу туралы, жеке жағдайларда отбасын зерделеу актісі.

#### Аудандық сот

Алимент белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесі. Алимент белгілеуден бас тарту туралы сот шешімінің көшірмесі.

#### Аудандық ЗАГС бөлімі

Жалғыз басты аналардың балаларына әкелік белгілеу туралы, баланың әкесі туралы деректер, аудан бойынша өлгендердің тізімі.

#### Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың аудандық бөлімі

Алатын зейнетақы мөлшері, мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар.

#### Аудан тұрғындарын әлеуметтік қорғау бөлімі

Әлеуметтік жәрдемақылардың және басқа да төлемдердің мөлшері туралы.



## Жеке меншік кәсіпкерлерінің кәсіпорындары, ұйымдары

Еңбекақысы (ай сайынғы) туралы анықтама. Ақшадай саналған, заттай берілген табыстары туралы анықтама. Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі.

А у д а н М ә с л и х а т ы н ы ң

II-сайланған, ХХIV-сессия

"Аз қамсызданған азаматтарға тұрғын

үйді күтіп ұстауға және коммуналдық

қызметтерді төлеуге, тұрғын үй

жәрдем ақысын берудің реті туралы"

2003 жылғы 23 сәуір N 205/24

шешіміне N 4 қосымша

## **Отбасы мүшелерінің жиынтық табысына енгізілетін табыстардың түрлерінің тізімі**

1. Еңбекақы ретінде алынатын табыстар
2. Кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстар
3. Мүлтік табыс
4. Мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақылар, стипендиялар, жәрдемақылар, өтемдер (АСП-ден басқа, тұрғын-үй жәрдем ақысынан басқа)
5. Балаларға және басқа да асыраудағы жандарға алынатын алименттер
6. Жасалған мүгедектікке немесе басқа да денсаулыққа жасалған зақымдыққа өтемақы ретінде алынатын біршаралық сомалар
7. Ақшалай және заттай нысандағы ұтыстар
8. Жеке қосалқы шаруашылықтан, екі есеп көрсеткіші мөлшерінде (соның ішінде үй жануарлары, саяжай учаскесі) түсетін табыстар